

Су тасқыны болған аймактарда білім алушыларды ағымдағы
емтихандар және сынақтардан босату жөніндегі
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің
тапсырмасын орындау бойынша жиналыстың
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2024 жылғы 10 сәуір

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасының Бірінші оқу-ағарту вице-
министрі Н.В. Жумадильдаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Су тасқынына байланысты білім беру үйымдарының ағымдағы жағдайы, оқу процесінің үйымдастырылуы;
2. Эвакуация аймактарындағы білім алушыларды ағымдағы емтихандар және сынақтардан босату;
3. Педагогтерді аттестаттаудан өткізуді үйымдастыру.

Қатысушылар

*К.Б. Жұмашев, Абай. Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан,
Карағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының білім
басқармаларының басшылары*

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің тапсырмасы бойынша Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Карағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары білім басқармаларының басшылары тындалды және аталған өнірлерде білім алушыларды ағымдағы емтихандар мен сынақтардан босату жөніндегі баяндамалары назарға алынын.

2. Атырау және Ақтөбе облыстарының барлық мектептерде білім алушыларға ағымдық бакылау (БЖБ, ТЖБ) өткізу тоқтатылсын.

3. Білім басқармалары:

- төтенше жағдай қаупінің сейілуі немесе артуына қарай білім алушыларды ағымдық бакылау, емтихан және сынақтардан өткізу (БЖБ, ТЖБ) немесе тоқтату туралы дер көзінде шешімдер қабылдасын;

- су тасқынында қалған немесе тасқын қаупі бар аймактардағы мектептердің қатаң есептіліктегі құжаттары мен жабдықтарының сакталуын қамтамасыз етсін.

4. Орта білім беру комитеті (К.Б. Жұмашев) су тасқыны болған аймактарда білім алушыларды ағымдағы бакылау, емтихан және сынақтардан өткізу мәселелерін қосымша пысықтау мақсатында ағымдағы жылғы 25 сәуірде кенейтілген жиналысты жоспарласын.

Бірінші вице-министр

Н. Жумадильдаева

Н. Жумадильдаева



030010, Ақтөбе қаласы, Облысайрыхан дарыны, 40
төл: (7132) 54-16-67 факс: 33-06-52

2024 жылғы «15» сәуір

№ 01-14/1151

**Аудандық, Ақтөбе қаласы білім белімі,
Облыстық білім беру үйымдары басшыларына**


Ақтөбе облысының білім басқармасы КР Оқу-агарту министрлігінің 11.04.2024 жылғы №20-1-20-6/2548-И хатымен берілен хаттамалық тапсырмасына сәйкес білім беру үйымдарында БЖБ – бөлім/ортак тақырып бойынша жынтық бағалау, ТЖБ – тоқсандық жынтық бағалау өткізу тоқтатылатынын хабарлайды. Сонымен қатар пилотты жобадағы шағын жинақты мектеп оқушылары үшін сәуір айында өткізілетін мониторинг мамыр айына ауыстырылды.

Білім алушылардың, мектепке дейінгі үйымдарда қамтылған балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шаралар қабылданып, қатаң бақылауға алынын.

Білім беру үйымдарының қатаң есептіліктегі құжаттарының, оқу күрал-жабдықтарың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары үйымдастырылсын.

Косымша жалғанады кесте 2 бетте.

Басқарма басшысының орынбасары


Н.Берлеуова

Орындаған: Г.Кұлыйбекова,
тел.: 87132-568560